

"Қараөзек" КС-4 компрессор стансасының күзетаймағы шекарасын белгілеу және олардағы жерді пайдалану режимін айқындау туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 22 қантардағы № 1020 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 ақпанда № 6162 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексінің 121-бабы 4-тармағына, "Магистральдық құбыр туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 22 маусымдағы Занының 14-бабы 2-тармағының 6) тармақшасына, осы баптың 5-тармағына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қараөзек" КС-4компрессор стансасы аумағы шекарасынан барлық жаққа жүз метрге кейін қалатын күзет аймағының шекарасы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Қараөзек" КС-4компрессор стансасының күзет аймағындағы жерді пайдалану режимі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. "Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі және Сырдария ауданының әкімдігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Қөшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы "22" қантардағы № 1020 қаулысына 1-қосымша

"Қараөзек" КС-4 компрессор стансасының күзет аймағы шекарасының экспликациясы

№	Аудан атауы	"Қараөзек" КС-4компрессор стансасының күзет аймағы шекарасының көлемі, гектар	Оның ішінде:	
			жайылымы	басқа алқаптары
1	2	3	4	5
1	Сырдария ауданы	27,60	21,36	6,24

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы "22" қантардағы № 1020 қаулысына 2-қосымша

"Қараөзек" КС-4 компрессор стансасының күзет аймағындағы жерді пайдалану режимі

№	Күзет аймағының атауы	Күзет аймағындағы жерді пайдалану режимі
1	2	3
1	"Қараөзек" КС - 4 компрессор стансасының күзет аймағы	<p>"Қараөзек" КС-4 компрессор стансасының күзет аймағында:</p> <p>1) өткелдерді, қара жолдарды және магистральдық құбыр трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдалану тәртібін магистральдық құбырдың меншік иесімен көліспей,</p> <p>орнатуға;</p> <p>2) бағбандыққа және орман өсіруге, сондай-ақ жер жырту тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын далалық ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенінен басқа, магистральдық құбырдың меншік иесімен келісілмеген кез келген жұмысты орындауға;</p> <p>3) магистральдық құбырдың меншік иесі не оператор жайластырған, магистральдық құбырға қызмет көрсету мен оның физикалық қоргалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды рекультивациялауға, сондай-ақ магистральдық құбырда өртке қарсы және күзет функцияларын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен қозғалысына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедергі келтіруге;</p> <p>4) кез келген құрылыштар мен гимараттар салуға;</p>
1	2	3
		<p>5) автомобиль көлігі қуралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруды;</p> <p>6) мелиоративтік жер жұмыстарын жүргізуге, суару және құргату жүйелерін салуға;</p> <p>7) магистральдық құбырдың меншік иесінің келісімінсіз тау-кен, құрылыш салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жерді тегістеуге;</p> <p>8) ұнғымалар, тікқазбалар орнатуға және топырак сынаамаларын (топырак ұлғілерінен басқа) алуға байланысты геологиялық түсіру, іздеу, геодезиялық және басқа да іздестіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.</p>

Ескертпе: аббревиатураның толық жазылуды:

КС – компрессорлық стансасы.